**Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидия көлемдерін бекіту туралы" № 109/4 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 181/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 шілдеде № 3866 болып тіркелді

Р Қ А О ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларының 5-тармағына, Павлодар облыстық Мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы (V сайланған XXVI (кезектен тыс) сессиясы) "2014 - 2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 198/26 шешіміне сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысының әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидия көлемдерін бекіту туралы" № 109/4 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3772 тіркелді, 2014 жылғы 17 мамырда "Сарыарқа самалы", 2014 жылғы 29 сәуірде "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің міндетін атқарушы Қ. Бозымбаев*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков*

*2014 жылғы "9" маусым*

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы "29" мамырдағы № 181/5 қаулысымен бекітілді

# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидия көлемдері

| **Субсидиялау бағытының атауы** | **Өлшем бірлігі** | **Субсидиялау нормативтері, 1 бірлік үшін, теңге** | **Субсидияландырылатын көлемі (бас, килограмм, дана)** | **Субсидиялау сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| **ірі қара мал шаруашылығы** | | | | |
| Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру | бас | 3 000 | 10 109 | 30 327 |
| **етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы** | | | | |
| Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу | | | | |
| тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 18 000 | 15 390 | 277 020 |
| асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 7 597 | 151 940 |
| Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу | | | | |
| отандық асыл тұқымды ірі қара мал | бас | 154 000 | 483 | 74 504,5 |
| импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан , Канададан) | бас | 200 000 | 103 | 20 600 |
| импортталған селекциялық ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде) | бас | 70 688 | 471 | 33 294 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сиыр етін өндіру үшін мал азығының құнын арзандату: | | | | |
| 1-деңгей | кг | 220 | 301 000 | 66 220 |
| 3-деңгей | кг | 170 | 1 600 000 | 192 000 |
| Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу | бас | 120 | 4 000 | 60 000 |
| **Барлық сомасы** | | | | 905 905,5 |
| **сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы** | | | | |
| Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | | | | |
| асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 5 486 | 109 720 |
| Сүт өндіру үшін мал азығының құнын арзандату: | | | | |
| 1-деңгей | кг | 25 | 6 000 000 | 150 000 |
| 2-деңгей | кг | 15 | 7 333 334 | 110 000 |
| 3-деңгей | кг | 10 | 10 259 400 | 102 594 |
| **Барлық сомасы** | | | | **472 314** |
| **етті бағыттағы құс шаруашылығы** | | | | |
| Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату: | | | | |
| 3-деңгей | кг | 50 | 35 600 | 1 780 |
| **Барлық сомасы** | | | | **1 780** |
| **жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы** | | | | |
| Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату: | | | | |
| 2-деңгей | дана | 2,6 | 65 384 616 | 170 000 |
| **Барлық сомасы** | | | | **170 000** |
| **жылқы шаруашылығы** | | | | |
| Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату: | | | | |
| қымыз | кг | 60 | 416 667 | 25 000 |
| жылқы еті | кг | 92 | 271 740 | 25 000 |
| **Барлық сомасы** | | | | **50 000** |
| **шошқа шаруашылығы** | | | | |
| Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату | кг | 98 | 2 193 878 | 215 000 |
| **Барлық сомасы** | | | | **215 000** |
| **қой шаруашылығы** | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу | | | | |
| тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы, асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы | бас | 1 500 | 18 327 | 27 490,5 |
| Мынаны өндіру үшін азық құнын арзандату: | | | | |
| қой еті | кг | 100 | 200 000 | 20 000 |
| **Барлық сомасы** | | | | **47 490,5** |
| **Барлығы** | | | | **1 862 490** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК